

4.	С.М.Никольский "Алгебра және анализ бастаулары"	Қисық сызықты трапеция ауданын есептеу есебі қарастырылады	Геометриялық және физикалық есептер: шеңбер ауданын, айналу денесінің көлемін, электр зарядының жұмысын, қабырғаға сұйықтықтың қысымын есептеу
Интеграл алғашқы түрдің өсуі ретінде			
5.	Ш.А.Алимов, Ю.М.Колягин, М.В.Ткачева"Алгебра және анализ бастаулары"	Алғашқы функцияны табу арқылы қисық сызықты трапеция ауданын есептеу есебі қарастырылады	Серіппені сығу (созу) кезінде күш жұмысын табуға, зат массасын есептеуге арналған есептер

Оқулықтарды талдаудан белгілі бір Интеграл ұғымын енгізудің бірінші тәсілі (интегралды сомалардың шегі ретінде) интегралды есептеудің бірінші әдісі үшін негіз болып табылатыны көрініп тұр. Интеграл ұғымы математикада негізгілердің бірі болып табылады. Бұл тақырыпты зерттеу математикалық талдаудың мектеп курсы аяқтайды, оқушыларды әлемді танудың жаңа құралымен таныстырады, ал мектепте әртүрлі салаларда интегралды есептеуді қолдану оқушылардың жоғары математиканың мәні мен күшін көрсетеді. Оқушыларға материалды түсінікті түрде түсіндіру үшін, мұғалім "анықталған интеграл" ұғымын енгізуге қандай амалды осы оқулықта іске асырғанын анықтап, соған сәйкес тақырыпты оқып-үйрету керек.

Қолданбалы есептерге өте аз көңіл бөлінетіндігі туралы қорытынды жасауға болады. Көбінесе бұл интегралдың физикалық және геометриялық мәнін ашатын есептер. Оқулықтардың қазіргі басылымдарына басқа облыстардан: химия, биология, экономика мәселелерін шешу кезінде интегралды есептеулерді қолдану мысалдары енгізіледі. Бұл мысал ретінде қарастырылатын 1-2 есеп. Өз бетінше шешуге арналған мұндай есептер жоқ.

Элективті курстарда тақырыптарды игеру кезінде оқушылардың оқуға деген қызығушылығын арттыруда бірнеше әдістер енгізілетін болады, ол оқушыларға зерттеу және ғылыми-технологиялық әлеуетті күшейтуге, сыни, инновациялық және шығармашылық ойлау, проблемаларды шешу, коммуникация және командалық жұмыс дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді.

Әдебиеттер:

- 1 Қасқатаева Б.Р. Математиканы оқытудың әдістемесі мен технологиясы - Алматы: Отан, 2016. - 303 б.
- 2 Елубаев С. Математиканы оқыту әдістемесі: - Алматы : Эпиграф, 2016. - 306 б.
- 3 Алимова Ш. Алгебра және анализ бастамалары. Алматы: Келешек, 2014. – 106 б.

**Төлен М.А., Абдикалыков К.**

**Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті**

### **БАСТАУЫШ МЕКТЕПТЕ ОҚУШЫЛАРҒА РУХАНИ ҚҰНДЫЛЫҚТЫ СІңІРУ**

Аннотация. Бастауыш мектеп оқушысы өзін-өзі тәрбиелеуде белсенділік танытатын субъект ретінде «толық» адам болуға ұмтылуы керектігі айтылған. Оқушылардың рухани құндылығы тұқымқуалаушылықпен даритын қасиеттер, қоршаған әлеуметтік орта және арнайы ұйымдастырылған тәрбие арқылы қалыптасатындығы дәлелдене берілген. «Әдебиеттік оқу» пәні мазмұнынан берілген мысалдар қанағатшылдықты ысырапқа жол бермеумен байланыстыра сипаттаған.

Кілт сөздер: «Әдебиеттік оқу» пәнінің мазмұны, бастауыш мектеп оқушысы, рухани құндылықтар, «толық» адам, генетикалық қасиеттер, социум, арнайы ұйымдастырылған тәрбие.

Жеке тұлға «толық» адам болып есептелуі үшін өзінің болмысын зерттеп-танып, адами қасиеттерін сақтап, соған сәйкес әрекет жасауы керек. Оқу оқы, жаратушыңды таны, мақсатыңды біл, еңбек ет, қоғамға үлесінді қос, өзіңе не қаласаң өзгеге соны тілек ет, ата-ананды сыйла, толық

жетілмегендігінді сезін, мейірімді, ынсапты бол, әділеттілікті сақта, отбасыңа мейірлі бол, таныс-туыстарды сыйла, көрші ақысын таптама, сөйлесең пайдалы сөз сөйле, бос істермен уақытыңды қор етпе, лайық деп тандаған басшына бағын, орны келгенде жөн сөзінді қос, кісінің ақысына қол салма, талаптанып білім - өнер үйрен, келешекке жақсы үлгі қалдыр - бұлар ата-бабадан жаңғыртыла жеткен өсиет. Әрбір саналы адам өмірдің шынайы мән-мағынасын біліп, қоғамда өзіне лайықты орнын тауып, өмір бойы адами құндылықтарды сақтауға тиісті. Осылайша жеке толыққанды адамдардан саналы қоғам құрылады.

Тұлғаның көркем мінезін генетикалық тұқымқуалаушылықпен даритын қасиеттер, адамдар араласатын қоршаған әлеуметтік орта және арнайы ұйымдастырылған тәрбиенің әсері қалыптастырады. Бірақ, адам – белсенділіктен ада объект емес, ол өзін-өзі тәрбиелеуге белсенді атсалысатын субъект. Ол барынша мағыналы да саналы өмір сүруге тырысады, оны жетілдіруге ұмтылыс жасап, адами қасиеттерді бойына жинақтайды. Жеке тұлғаның ғылыми негізделген білімі, көзқарасы, ұстанымы, ерік-жігері, ізгі мұраты оның дүниетанымын құрап, өзінің сөзі мен қарекетіне өз жауаптылығын сезіндіреді.

Асан Қайғы шынайы бақытты кие - кесірге қатысты талдап, шексіз биліктегі мейірімсіз қоғамдағы қаскүнемдікті өркөкіректік пен қанағатсыздықтың салдарына жатқызды.

Ян Коменский «Ұлы дидактика» еңбегінде гуманизмді әрқашанда баршаға жақсы ниет тілеумен байланыстырды: ең сауапты жақсылық – даналық, қанағатшылдық, батылдық, әділдік [1]. Жүсіп Баласағұн адами асыл тәрбие қасиетті ислам дінінен тыс, ұлттың салт-дәстүрімен де нәтижелі берілетінін нақтылады [2].

Шынтуайтында, ешбір тірі жан өзін жаман адам сезінбейді, есейе келе кемшілігін байқап, түзетуге қиналады. Дана Абайдың «Егер менің заң шығару құқығым болса, онда адамды түзетуге болмайды дегендерді жазалар едім» дегені қайта тәрбиелеудің зор мүмкіндігін айтқаны болар [3].

Өзіңізді көркем мінез-құлыққа баулығыңыз келсе, оның үш жолы бар: 1) өмірлік тәжірибесі мол ұстазыңызбен барынша жақындасып, одан үлгі алу; 2) мінезі көркемдермен жолдас болып, олармен пікірлесу; 3) бойыңыздағы жаман мінезге жиһад жариялау.

Бастауыш мектептегі «Әдебиеттік оқу» пәнін оқыту барысында «Құмырсқаның қанағаты» ертегісі оқытылады. Сонда «Қанағат – қарын тойғызар» деген мағыналы сөздің мәні түсіндіріледі. Оқушылар қанағатсыздық, өзімшілдік, көрсеқызарлық секілді жаман мінезден бойын тартуға, барға қанағаттануға, шүкіршілік етуге ниеттендіріледі [4]. Ұлы Абайдың айтқаны бар: «адам ата-анадан туғанда есті болмайды, естіп, көріп, дүниедегі жақсы мен жаманды таниды дағы, сондайды білгені, көргені көп адам білімді болады. Жақсы адамды көргенде оған теңелу жайында ойлан да, жаман адамды көргенде өзінді-өзің зертте» деп. Қанағатшылдық – пенденің барына ризалық танытуын, нысаптан шықпауын, нәпсіге ермеуін білдіреді. Қанағат ету қиындыққа шыдау емес, ақылды серік етіп, өзін-өзі тежеу, құнықтау. Сол себепті дана қазақ халқы: «Адамды қанағат аздырмайды» дейді.

Қанағатшыл болу ашкөздікке ұрындырмайды, біреудің мүлкіне сұқтандырмайды. Мұндай адам мейлінше инабатты, қарапайым келеді. Қанағатшылдық тағдырдың жазуымен өзіне бұйырған несібеге шүкіршілік еткізеді. Өмірде қаншама көп байлығы бола тұра оған қанағат тұтпайтындар да баршылық. Адам қолындағы барының игілігін көріп, соған шүкіршілік етсе өмірі мәнді, әрі қызықты болады.

Пікірталасқа қатысып, адами асыл қасиеттердің осы бір түрін талқылаған оқушылар «Қанағат дегеннің мағынасы не?», «Ол кімде болады?», «Ол қандай асыл қасиет?», «Қандай жанды қанағатшыл дейміз?», «Өзімшілдік қандай қасиет?», «Шүкірлік жасау дегенде нені түсінесіздер?» сұрақтарына қатысты өз ойларымен бөліскен.

Қанағатсыздық – бұл тойымсыздық, өзі тойса да көзі тоймайтын адамдар болады. «Қашанда адам шүкіршілік жасаса ғана мұратына жетеді» деуші еді ересектер. Сондықтан, шүкіршілік жасау, бізді жақсылықтарға жетелейді деп ойлаймын. Егер қанағат жасамасақ жақсылық та аз болмақ.

Ғаламторда «Құмырсқа қанағаты» ертегісінің балама нұсқасы бар. Онда функционалдық сауаттылықты қалыптастыруға қатысты аздаған айырмашылық байқалады. Құмырсқаның басының үлкендігі ақылының көптігімен, аз сөйлеп, көп ойлайтындығымен түсіндіріледі. Оның белінің қылдырықтай жіңішке болуы қомағай еместігін және қанағатшылдығымен, құйрығының үлкендігі қайратының көптігімен, өзінен қырық есе ауыр жүк көтергенде тепе-теңдіктің сақталатындығымен өзгешеленеді. Барлық құмырсқалардың өзіне жүктелген міндеттерді атқаруы олардың

ұжымшылдығы мен жауапкершілігінің молдылығын айғақтап, қанағатшылдықты басқалардың қамын жейтін қамқорлықпен сипаттайды.

Бастауыш сыныпта Шәкәрімнің адам бойындағы оң-теріс қасиеттердің асылы мен жасығын дұрыс танып-білуге бағыттайтын «Адамның нашар мінезі» өлеңі оқытылып, «Бізақор» өлеңінде кесірлі мінезден аластатуға үндесе, «Еріншек» өлеңінде бұлардың арты терең надандыққа ұласатындығын білдіруге әрекет етеді. Хрестоматияға еруге лайықты оның басқа да еңбектері бар. «Ғылымсыз адам – айуан» өлеңінде әркімді өзін - өзі тәрбиелеуге, жігерлі болуға шақырады. «Ашу мен ынсап» өлеңінде ар-ұятты болуға, рақымдылық танытуға, өзін бақбаса басқа жолға түсіп кету қаупі барын сақтандырады [5].

«Адамның адамшылығы ақыл, ғылым, жақсы ата, жақсы ана, жақсы құрбы, жақсы ұстаздан болады» деп дана сөз айтқан Ұлы Абайдың бүгінгі тақырыпқа тікелей қатысты өлеңі де назардан тыс қалмайды [3].

Мұндай мысалға басқа халық әдебиеттері де кенде емес. Л. Толстойдың «Адамға қанша жер керек» әңгімесінің кейпкері жерге тойымсыздық танытып, қанағатсыздықтың құрбанына айналған. А.Пушкиннің «Алтын балық» ертегісіндегі қанағаттануды білмес кейуананың қайғылы тағдыры да үлгі алуға тұрарлық.

Қанағаттың екінші шарты – ысырапқа жол бермей, күнә арқаламау үшін барынды базарлай білу. «Қоя жесең қой қалады, тарта жесең тай қалады!» деген қазақтың кемеңгерлігі ата-бабадан қалған өсиет.

Адамды қанағат аздырмайтынын білеміз, хадис шарифте: «Мұсылман жеткілікті табысына қанағат етсе бақытқа бөленеді» делінген.

Қанағатсыздық – Тәңірден тиген нәсіпті азсыну және шүкіршілік етпеу. Қанағатшылдың ісі қашан да сүйкімді, ақыретте қайырлы болмақ.

Сабак соңындағы рефлексия: «Азға қанағат етпеген көптен де құр қалады». Б. Алтынсарин айтқандай: әр нәрсеге қанағат еткен мұратына жетеді, біртіндеп мақсаттары да орындалады.

Әдебиеттер:

1. Коменский Я.А. Великая дидактика.– М.: Просвещение, 1988.
2. Баласағұн Ж. Құтты білік. – Алматы: Жазушы, 1986. – 616 б.
3. Құнанбаев А. Шығармаларының толық жинағы (екі томдық). – Алматы, 2002.
4. Құмырсқаның қанағаты. <https://multiurok.ru/files/k-u-myrsk-anyn-k-anag-aty-ashyk-sabak-diebiiettik.html>
5. Мұхамедханұлы Қ. Ш. Шаһкәрім // Көп томдық шығармалар жинағы.– Алматы: Алаш, 2005.

**Усенова А.Н.**

**Павлодарский педагогический университет им А. Маргулана, г. Павлодар**

### **РАЗВИТИЕ ФУНКЦИОНАЛЬНОЙ ГРАМОТНОСТИ У УЧАЩИХСЯ НАЧАЛЬНЫХ КЛАССОВ В УСЛОВИЯХ ЦИФРОВИЗАЦИИ**

Аннотация. В современных условиях, в контексте цифровизации, появились новые подходы к содержанию образования, ориентированные на универсальные навыки. Важным условием формирования нового направления функциональной грамотности стало также признание возможностей школьного образования в формировании сознательного гражданина. Глобальную компетентность можно рассматривать как специфический обособленный ценностно-интегративный компонент функциональной грамотности, который имеет собственное предметное содержание, ценностную основу и направлен на формирование универсальных навыков.

Ключевые слова: функциональная грамотность, глобальная компетенция, цифровизация, начальное образование.

Введение начального общего образования в казахстанских школах определяет актуальность понятия «функциональная грамотность» в условиях цифровизации, в основе которой лежит способность человека ставить и изменять цели и задачи своей деятельности, планировать, контролировать и оценивать ее, взаимодействовать с учителем и сверстниками в образовательном процессе, действовать в ситуациях неопределенности.